

KAZETU LIFE



ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ

№1 (1) 2021 жыл, мамыр, kazetu2001@gmail.com

БҰЛ САНДА:

- ▶▶ ҚАЗИТУ-ҒА АРНАУ!
- ▶▶ НАША ГОРДОСТЬ!
- ▶▶ Я ХОЧУ ВАМ РАССКАЗАТЬ...



ҚАДАМЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, «KAZETU LIFE»!



Студент жастардың қызыққа толы жарқын сәттері өтіп жатыр. Осындай қайталанбас ерекше кезеңнің әр ақпараты журнал бетінде жарық көріп, жазылар жақсы жаңалықтар толастамасын дегім келеді.

Университетіміздің бүгінде ауыз толтырып айтуға болатын жаңалықтары көп. ҚазИТУ қазіргі таңда білім беру қызметтері нарығында бағдарламалық инженерия, телекоммуникация, биоинженерия, қайта өңдеу және тамақ инженериясы, экономика, агроазық-түлік техникасы саласында талап етілетін 19 бакалавриат, 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша мамандандырылған кадрларды даярлауды жүргізеді. Құрылғанына 20 жыл болған ҚазИТУ кемелденіп, толысып білім беру және мамандар дайындауда жаңа белестерді бағындырып отыр. Университеттің арнайы мамандандырылуына сәйкес басшылық техникалық мамандықтардың басымдығын республиканың индустриалды дамуының жаңа деңгейіне көтеруді қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырады.

Ұжымның қарқынды жұмысының арқасында 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы грант иегерлерінің саны 3 есеге, ал ақылы бөлім студенттар саны 1,5 есеге артты. Білім алушыларымыздың сандық қана емес сапалық құрамы да жақсарып келеді: «Алтын белгі», халықаралық, республикалық байқау жеңімпаздарының да саны артуда. ҚазИТУ оқу үдерісін білім-ғылым-инновация үштігінің біріккен жағдайына бейімдеп келеді. Осы орайда елімізге белгілі ғалымдардың, кәсіпкерлер мен озық технологияны кең пайдаланып жүрген жұмыс берушілермен кездесу, мастер-класстарын ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіз Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің «KAZETU Life» атты электронды журналының тұңғыш шығарылымымен қауышып отырсыз! Барша оқырманды және журнал ұжымын тұсаукесер санының жарық көруімен құттықтаймын! Журналымыз университет жаңалықтарының жаршысы, болашақ маман жетістіктерінің насихатшысы, қызыққа толы студенттік өмір сәттерінің жарқын естелігі болмақ. «KAZETU Life» электронды журналы басшылық-оқытушы-түлек-студент-қонақтар өзара ақпарат алмасып, қызыға оқитын ақпарат айдынына айналсын деген тілегім бар! Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылында құрылған Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті дамыған материалдық-техникалық базасы бар заманауи ғылыми-білім беру кешені. Университетте ғылым, білім беру, халықаралық байланыс және тәрбие саласында күнделікті маңызды шаралар орын алуда.



ҚазИТУ бүгінгі таңда студенттерін жатақханамен толық қамтып отырған еліміздегі бірден-бір университет.





Студенттер үйінде Жастардың ресурстық орталығы, мәжіліс залы, асхана, хореография, вокал, фитнес залы, дебат орталығының кіші залы, коворкинг орталығы, т.б. жұмыс істеп тұр. Жалпы аумағы 3000 шаршы метрден астам бес қабатты ғимаратта студенттердің алаңсыз білім алуына жағдай жан-жақты қарастырылған.

Сонымен қатар ғылыми-лабораториялық кешенінің дамуы мен студенттердің бос уақытын өткізуге қажетті жағдайды (спорттық алаңдар, студенттік үйірмелер жұмысы, т.б.) жасауға үлкен көңіл бөлуде.



ҚазИТУ - Алматы қаласындағы академқалашықта орналасқан бірден бір университет. Қалашықта орналасқан ғылыми-зерттеу институттары биотехнология, биоинженерия және биоинформатика, технологиялық машиналар мен жабдықтар, жеміс-көкөніс шаруашылығы және агрономия, азық-түлік өнімдерінің технологиясы сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бірлесе маман дайындауда жетістіктерге жетіп келеді.

Университетіміз жайлы толығырақ ақпаратты алдағы уақытта университетіміздің электронды журналынан тыңғылықты танысып, оқи аласыздар.

Журнал университет жаңалықтарын насихаттаудың тиімді құралы және университеттің дамуы мен гүлденуі жолындағы ақпарат алаңы, оқырманның қызыға оқитын журналы болады деп сенемін.

Қадамың құтты болсын, «KAZETU Life»!

*Ізгі ниетпен, ҚазИТУ ректоры
СӘРСЕНБЕКОВА ГҮЛНАР ӘЛІБЕКҚЫЗЫ*



Сенатор Б.Т. Жұмағұлов:

«ЖАҢАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ – КЕШЕНДІ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ»



Бұл күнде тәуелсіздікпен құрдас буынның өзі орда бұзатын жасқа келіп, ел өміріне белсене қатысуда.

Ал Тәуелсіздік бізге **оңай келмегенін**, кейбір жас ұрпақ өкілдері тереңірек білгені жөн.

Тәуелсіздік туын ұстаған, егемендігімізді жариялаған тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев көтерген Тәуелсіздік идеясы ұлттық құндылықтарымыздың басында тұруы заңды ғой деп ойлаймын.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы қоғамда үлкен серпіліс туғызды.

Өйткені, Мемлекет басшысының осы мақаласын оқып, көкейде жүрген көп сұраққа **жауап алдық**, ой елегінен **жетістігіміз** бен қиындықтарымызды өткізіп, сонымен қатар, **болашағымызды** болжап, атқарылатын шараларды айқындауға мүмкіндік алдық.

Отыз жыл – тарих үшін қысқа болғанымен, халқымыз үшін ғасырға бергісіз жол болды.

Тәуелсіздік жылдары руханият саласында біраз жұмыстар атқарылды. «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты жобалар ойдағыдай жүзеге асырылды, әлі де орындалып жатыр.

Бұлар - мемлекеттік деңгейдегі үлкен, ұлттық іргелі жобалар.

Олар туралы ақпарат Сіздерге таратылған.

Енді ұлттық құндылықтарымызды **мемлекет пен қоғам** дамуының барлық деңгейінде кеңінен пайдалану міндеті тұр.

Қазақстан жағдайында жаһаннан жетіп жатқан осындай келеңсіздікке жол бермес үшін өзіміздің заманға сай ұлттық құндылықтарымызды қарсы қоюымыз керек.

Біздің ұлттық менталитетті дамыту үшін жаңа көзқарастар, жаңа бағдарламалар қажет.

XXI ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай кемел ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Ең бастысы жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу міндеті тұр.

Бұл - ең маңызды мәселелердің бірі.

Қазір коронавирус індетімен қоса – экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да

қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз «идеологиялық вирустар» да таратыла бастады.

Осылай, жаһандық когнитивті технология - бұқаралық санаға әсер ету құралына айналып отыр.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп.

Оларды іріктеп, бес бағытта қарау қажет деп есептедік.

Бірінші құндылықты – тәуелсіздік және тарихи таным деп атағанды жөн көрдік.

Екінші құндылық – ел мен жер.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және имандылық.

Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы.

Бесінші құндылық – білім мен біліктілік.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалды.

Ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар.

2024 жылдан бастап он екі жылдық жаңа білім беру жүйесіне көшеміз.

Уақыт аз. Ал, үш жыл өтеді де шығады.

Осыған орай, қоғамдық-педагогикалық талқылаудан өткен, ұлттық оқу бағдарламалары қайта жасалынады.

Осы сындарлы кезді пайдаланып, барлық ұлттық оқу бағдарламалары мен оқулықтарға ұлттық құндылықтарды енгізген жөн.

Білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер енгізіле отырып, жалпы білім беру ұйымдарында оқылатын «қазақ тілі», «қазақ әдебиеті», «шет тілі», «мемлекеттік тілдегі әлем әдебиеті», «дүниежүзі тарихы» сияқты оқулықтар білім беру жөніндегі ұлттық бағдарламаға енгені дұрыс деп білеміз.

Келешекте, осының бәрін ескере отырып, «Білім және ғылым Кодексін» қабылдау керек деген ұсынысты қолдаймын.

Президент Қ.К. Тоқаев «...әлемде түрлі үрдістер қалыптасуда. Бірақ соның бәрі бірдей ұлттық мүддеге сай келе бермейді. Негізгі қауіп-қатерлер алда. Сондықтан қырағылық сақтай отырып, қиындықтарды енсеруге әрдайым дайын болуымыз керек» - деді.

Әрине, қазіргі заманда жаһандану процесі ықпалынан оқшау қалу мүмкін емес.

Біз үшін ең алдымен, ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды, бірегей ұлттығымызды, ана тіліміз бен әдебиетімізді, ділімізді, дәстүрлі төл мәдениетімізді дамыту қажет.

Ой мен сана бәсекелесі кезінде ұлттық құндылықтарымызды сақтайтын іргелі міндеттерді жүзеге асыру - әрбір адамның, қоғамның, мемлекеттің ең жоғары міндеті болып қала береді.

(мақала ықшамдалып алынды)



БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ



26-сәуір 2021 жыл Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы ҚазИТУ-дың 20 жылдығы қарсаңында «Білім, ғылым және өндірістің интеграциясы: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Түркия, Ресей, Канада, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен ғалымдар қатысты. Халықаралық ғалымдар бас қосқан ғылыми жиында білім, ғылым және өндірістің интеграциясын талқыланды. Микробиология жетістіктері, еліміздегі жеміс-көкөніс шаруашылығы саласының жай-күйі және өзге де өзекті тақырыптар қамтылды.

Халықаралық конференцияның салтанатты ашылуында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сарсенбекова алғысөзін жеткізді.

Гүлнар Сарсенбекова Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикадағы инновациялық өзгерістерді жандандыру жөніндегі саясаты Қазақстанның жоғары мектебінің алдына элиталы кадрлар даярлау міндетін қойғанын, дәл осындай инженер-мамандарды даярлауға Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің барлық қызметі бағытталғанын атап өтті. 2020 жылы Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің даму бағдарламасы, яғни іргелі білім берудің рөлін күшейту, "ғылым арқылы оқыту" қағидатын іске асыру, білім беру ақпараттық технологияларын енгізу, оқу үдерісі барысында "жұмсақ дағдыларды" (soft skills) қалыптастыру арқылы нарыққа бейімделген инновациялық мамандарды даярлауды көздейтін, ЖОО-ны кәсіпкерлік үлгідегі университетке трансформациялау бағдарламасы қабылданғанын жеткізді.

«Білім, ғылым, өндіріс интеграциясы – білім, ғылым, өндірістің потенциалын бірі-біріне тиімді жағдайда бірлесе пайдалану көзі болып табылады. Қазіргі уақытта нарықтық экономиканың күрделі жағдайларында неғұрлым өткір және өзекті мәселелердің бірі кәсіби білікті мамандарды дайындау болып табылады. Бұл мәселені шешудің жолдары да конференцияның талдау және талқылау тақырыбы болды «ЖОО бірлесе маман дайындау - ғылыми зерттеу – технологияны әзірлеу – өндіріске енгізу және оларды

ҚазИТУ КАЗАХСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСТАНСКИЙ ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKHSTAN ENGINEERING TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

20th KAZETU

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
«Білім, ғылым және өндірістің интеграциясы: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар»


МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«Интеграция образования, науки и производства: актуальные вопросы, достижения и инновации»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«Integration of education, science and production: current issues, achievements and innovations»

НАСЕО, МГУП, National center for Biotechnology, КазИТУ, F&VRI, КазВКФЗИ, АТМЕКЕН, AIFC, RESEARCH PROCESSING FOOD

коммерцияландырудың» толық циклін жүзеге асыруды ұстаным еткен отандық және шетел ғылыми-зерттеу институттары, ЖОО, өндіріс орындарының басшылары көтерілген тақырыпта тәжірибелерімен бөлісті», - деді Гүлнар Әлібекқызы

«Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Бас директоры Аманкелді Саданов бүгінгі тәжірибедегі микробиологияның жетістіктеріне баяндама жасады. «Республикада алғаш рет ауыл шаруашылығына, қоршаған ортаны қорғауға, медицина мен ветеринарияға арналған 8 атаудағы жаңа отандық биопрепараттардың технологиялары әзірленді және өндірісі ұйымдастырылды, олардың іске асырылуы жыл сайын 40-50 тоннаны құрайды», - деді А. Саданов. Республикада мұнай өнеркәсібі жоғары қарқынмен дамуда, өндіріс орындарындағы қоршаған ортаның ластану проблемасы өте өткір. Осыған байланысты тез және білікті шешімді, оның ішінде биологиялық әдістерді қажет ететін осы қосылыстарды белсенді түрде ыдырататын биологиялық өнімдерді жасау маңызды міндет екендігіне тоқталған Аманкелді Саданов Орталық қызметкерлері топырақты, су айдындарын және өнеркәсіптік сарқынды суларды мұнайдан ластанудан микробиологиялық тазартуға арналған "Бакойл-KZ" сериясының тиімділігі жоғары бактериялық препаратын жасағанын айтты.



Мәскеу мемлекеттік тағам өндірісі университеті ЖБМБФ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Михаил Щетинин тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне арналған



ғылыми баяндама жасап, әлемдегі тамақ өндірісі сапасының салдарынан келген ауру түрлеріне тоқталды. Егер азық - түліктің тұтынушылық қасиеттері тұтынушының таңдауы болса, онда азық - түлік қауіпсіздігі мемлекеттің міндеті болып табылатындығын жеткізді.

ҚР БҒМ ҒК «Ұлттық биотехнология орталығы» ШЖК РМК Бас директоры Ерлан Раманқұлов «Теңіз кен орындарында мұнай өндірудің биоқауіпсіздігін бағалаудағы заманауи метагеномдық тәсілдер» тақырыбындағы баяндамасында, мұнай өндіру кезіндегі қоршаған ортаның ластану фактілеріне тоқталып, Ұлттық биотехнология орталығының жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, экологиялық мәселелерді шешу үшін биоремедиация технологиясын қолдану перспективаларын ұсынды.

«Оңтүстік-Орал мемлекеттік университетінің ФГАОУ ВО (Ұлттық зерттеу университеті) (Ресей) профессоры, «Тамақ және биотехнология» кафедрасының меңгерушісі, Ирина Потороко «Оңтүстік-Орал мемлекеттік университетінің» ғылым саласындағы жетістіктері жайында мағұлмат беріп, «Ғылым мен өндірістің интеграциясы: АӨК қайта өңдеу кәсіпорындары үшін инновациялық технологиялық шешімдер» атты тақырыпта баяндама жасады.

«Қазақ жеміс-көкөніс ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Баскарма Төрағасы Серік Садықов баяндамасында Қазақстандағы жеміс-көкөніс шаруашылығы саласының жай-күйін, жеміс-көкөністі өндіру және тұрғындардың тұтыну көрсеткіштерінің сандық статистикасын атап өтті. Оның сөзінше: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, Қазақстан өз өндірісі есебінен көкөністерге, ал жемістерге деген өзінің қажеттілігін тек 68% - ға ғана қамтамасыз етеді. Қазақстанның өзі көкөністерді экспорттайтынына қарамастан, ол маусымаралық кезеңде импорттан бас тарта да, экспортты арттыра да алмайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын әртараптандыру қарқынының жеткіліксіздігі, жерлерді ұтымсыз пайдалану, ұсынылған ғылыми негізделген ауыспалы егістердің сақталмауы, тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы, технологиялық жарактандырылу, субсидияларға қолжетімділік деңгейінің төмендігі, және сапалы кадрлардың жеткіліксіздігі еліміздің өнім өндіре отырып өзін толыққанды қамтамасыз ете алмауының негізгі себептерінің бірі екендігін атап өтті.


Қырғыз-Өзбек Халықаралық университетінің «Инновациялық технологиялар» ғылыми-зерттеу институтының директоры, биология ғылымдарының докторы Жырғал Самиева ғылыми-конференцияда Қырғызстандағы топырақ құнарлылығын арттыру проблемалары, атап айтқанда,

республика үшін ауыл шаруашылығының ең қарқынды дамып келе жатқан саласы болып табылатын күріш өсіру мысалы қарастырылған мақаласын ұсынды. Мақалада күріш өсіру технологиясы барысында кездесетін әр түрлі мәселелер және осы мәселенің негізгі себептері мен шығу жолдары талданады.

«Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС баскарма төрағасы Шолпан Бастаубаева Өңірлердің ерекшелігін және цифрландыруды ескере отырып, органикалық ауыл шаруашылығын жүргізу технологиялары жайлы айтты.


«Қазақстан Республикасының Ұлттық Инженерлік академиясы» РҚБ Вице-президенті Нұрлан Темірбеков «Сандық деректерді сақтау және қолданбалы есептерді шешу үшін таратылған ақпараттық жүйені құру» баяндамасында Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешенде IT-шешімдерге арналған ақпараттық сервистердің өте аздығын және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ғылыми-зерттеу институттары қызметкерлерінің ғылыми мақалаларының, монографияларының, географиялық материалдарының, аудио-және бейнежазбаларының бірыңғай қоймасының және зияткерлік қызметінің басқа да нәтижелері сақталатын деректер базасының жоқтығын тілге тиек етті. Осы мәселені шешуде Алматы қаласының Академқалашығында орналасқан ғылыми зерттеу институттарының wireless Leased Line (WLL) радиотехнологиясының көмегімен біріктірілген бірыңғай бұлтты таратылған кітапханалық ақпараттық жүйесін құру жобасын таныстырды.

«Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Баскарма Төрағасы Жан Ниязбеков конференция жұмысына сәттілік тіледі. Және аталған институттың инновациялық технологияларды енгізу бөлімінің орынбасары Фазылбеков Ринат цифрландыру дәуіріндегі жаңа технологияларды енгізу бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын



ақпараттандыру және автоматтандыру бойынша жаңа мамандықтар мен қажетті кадрлар жайында баяндама жасады. Айтуынша, Агроинформатика / Агрокибернетика, Автоматтандырылған ауыл шаруашылығы техникасының операторы, Агроинженер, Ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы, Дәл егіншілік жүйелерінің инженері, Agri деректер талдаушысы, Био-хакер сияқты мамандықтар болашақта қажеттілікке ие болады.

«Астана» ХҚО қаржылық қызметтерді реттеу комитетінің бас директоры Мұхтар Бубеев "Астана халықаралық қаржы орталығында (AIFC) қаржылық қызметтерді реттеу" жайында баяндап, қаржы орталығының құрылымы, қызметі мен стратегиялық бағыттарын айтты.



«Тәжікстан технологиялық университетінің» (Тәжікстан) доценті Абдулназар Гуломсафаров Берілген реттелмеген морфтар жиынтығының шугна тіліндегі сөздерінің морфологиялық синтезінің алгоритмін ұсынды.

«Эге» университетінің (Түркия) профессоры түркітанушы, қыпшақтанушы ғалым Мұстафа Өнер "Түркиядағы сандық Түркология журналдары" туралы баяндамасында қазіргі жаһандану дәуірінде, түркі халықтары бірін-бірі терең түсінісу қажеттілікке айналған кезеңде, түркі халықтарының тереңнен тамыр тартқан тарихын, мәдени-рухани құндылығын танып-білу ғылыми-танымдық мәнге ие. Сондықтан түркі әлемі мен түркі халықтарының тілі мен әдебиеті, фольклоры, тарихы, мәдениеті мен діні, өркениеті, этнографиясын бүгінгі заман талабына сай жариялап отыратын цифрлық журналдардың болуының маңыздылығын атап өтті.

"Атамекен" ҚР ҰКП бизнес-реттеу және бәсекелестікті дамыту департаменті директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан) Ақынбекова Динара Нұрғалиқызы "Цифрлық экономика жағдайында бизнесті дамыту үрдістері және мемлекеттік қолдау" атты презентациясында цифрлық экономиканың бизнеске және іскерлік ортаға әсері, бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар мен бизнесті дамыту тенденциялары жайында атап, бизнесті дамыту үшін бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесі цифрлық технологияларды қолданудың әр саласын шектейтін қиындықтарды анықтау, цифрлық трансформация саласындағы білім мен тәжірибені шенеуніктер арасында тарату үшін оқыту бағдарламасы әзірленуі, бизнес-модельдермен тәжірибе жасауға және табысты тәжірибені таратуға ықпал етуді кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі жаңа тұғырнамалардың айналасында серпін жасауды

қамтамасыз етуге тиіс екендігін айтып қорытынды жасады.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің профессоры Масимжан Велямов «Тамақ және қайта өңдеу саласында биоэкологиялық өнімдердің инновациялық жаңа буынын әзірлеу және олардың қазіргі жағдайдағы маңыздылығы» тақырыбына кеңінен тоқталды. Масимжан Тұрсынұлының пікірінше қазіргі заманғы тамақ өндірісінің тиімділігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі аз қалдықты технологияларды құру, қайталама ресурстарды, оның ішінде құрамында пектині бар шырын өндірісінің қалдықтарын, әсіресе көкөністерден алынатын, қайта өңдеуді өндіріске кеңінен тарту болып табылады. Бұл ретте табиғи - сауықтыру әсері және экологиялық тазалығы бар тамақ өнімдерін (сусындарды) байыту үшін қалдықсыз цехты немесе асханалық қызылшадан, сәбізден және алмадан жеміс - көкөніс және көкөніс шырындарын, ал олардың сығымдарынан-құрамында пектині бар сығындыларды өндіру желісін ашу керек.



Халықаралық ғалымдардың басын қосқан ғылыми шара ары қарай секциялық мәжілістерге жалғасты.

Әр кафедра бойынша тамақ өнімдерін қайта өңдеу және тамақ қауіпсіздігі; бұлтты технологияларды қолдана отырып, телекоммуникация, компьютерлік модельдеу саласындағы процестерді автоматтандыру жүйесінің инновациялық дамуы; экологиялық проблемалар мен тіршілік қауіпсіздігі мәселелерін шешудегі инновациялық тәсіл, Қазақстанның цифрлық экономикаға көшуінің мүмкіндіктері мен проблемалары сонымен бірге «Цифрлық Қазақстан» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын іске асырудағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың рөлі аясында кеңінен талқыланып, 150-ден астам ғалымдар, студенттер мен магистранттар баяндама жасады. Конференция соңында барлық қатысушылар алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталды.

Сондай-ақ конференцияның өту барысы бұқаралық ақпарат құралдарында кең насихатталды. Мақалалар газеттер мен интернет ресурстарында белсенді жарияланып отырды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында еліміздің өркениеті жолында адам ресурсын дамытуда білімнің сапасын арттыру, ғылым, инновация және өндірістің интеграциясының өзекті мәселелері, жетістіктерін талдауда білім, ғылым саласының жетекші мамандары мен өндіріс, бизнес өкілдерін бір алаңда жинаған конференция үлкен межелерге жетуде өзіндік үлкен орны болады деп сенеміз.





Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және ҚазИТУ оқу ордасының 20 жылдығына орай «ҚазИТУ Аруы» байқауы өз мәресіне жетті. Дәстүрге айналған сұлулық байқауы биыл онлайн форматта ұйымдастырылды.

Әлемде болып жатқан пандемияға қарамастан, ҚазИТУ-дың Жастар саясаты департаменті студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануы үшін, ұлттық бірегейлікті сақтап патриоттығын арттыратын шараларды ұйымдастыруды өз қолына алған.

Жастар саясаты департаментті мұрындық болған, ҚазИТУ студенттері асыға күтетін байқаудың бірі - «ҚазИТУ аруы». Дәстүрге айналған бұл сайыс биыл тұңғыш рет онлайн форматта өтсе де, жастар белсене атсалысты. IV кезең бойынша өткен байқауға бірінші курс студенттері арасынан, ақылына көркі сай 30 ару өтініш білдіріп, ақтық сынға жолдама алған 7 қыз сұлулық пен парасаттылықтың тәжіне таласты.

I кезең «Фото сайыс» аруларымыздың қазақи нақышта түскен фото – суреттері әлеуметтік желіге жарияланып, дауыс беру жүргізілді.



ҚазИТУ АРУЫ

II кезең «Кел ҚазИТУ-ға!» атты оқу ордаға талапкерлерді шақыру бейнеролик түсіру. Бұл кезеңде қыздардың креативті ойлары, кәсіби біліктіліктері, өздерін видеода ұстауы, жарнамалық видеоларының сапасына қарай сайысқа түсті.

III шығармашылыққа ден қойған кезеңде қыздар бірі әуелетіп ән салса, бірі мың бұрала билеп, аспаздық шеберліктерін көрсетті.

IV кезеңде аруларымыздың білімдері таразыға салынып, салт – дәстір, әдебиет, тарихты қамтитын сұрақтар қойылды.

Сайысқа қатысқан арулардың шығармашылық қабілеті, білімдері, сайысқа деген дайындықтары, сөйлеген сөздері де қазылар алқасының назарынан тыс қалған жоқ.



Финалдық кезең онлайн платформада, университет басшылығының, оқытушы-профессорлар құрамы студенттер мен ата-аналардың қатысуымен өтті. Университет ректоры

Сарсенбекова Гүлнар Әлібекқызы қатысушы қыздарымызға тілегін арнап, сәттілік тіледі. Және қазылар алқасының мүшелері эстрадамыздың белгілі әншісі Мұхтар Ханзада қыздардың дайындығына баға беріп, ізгі тілегін арнаса, фотограф Самғат Байсерке жеңімпаз қызға тегін фотосессия ұйымдастырып беретіндігін жеткізді.



Барлық кезеңдер қорытындысы бойынша, жоғары ұпай санымен **Алибек Айдана** «ҚазИТУ аруы-2021» атанды.



Байқауға белсенді қатысып, әр кезеңде өзінің креативті жұмыстарымен көзге түскен **Сейдахмет Анеля** «Вице мисс» атағын жеңіп алды.



Байқаудың жүлделі 3-орнын қазақтың қара домбырасымен ән шырқап, әлеуметтік желіде көрермендер көзайымына айналған **Байғазы Дильназ** еншіледі.

*ҚазИТУ студенттік
баспасөз қызметі*



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ «БОЛАШАҒЫНА» 30 ҚАДАМ»

«Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз. Бағыт бытыраңқы жобаларды тоғыстыру керек. Сонда жұмыс жүйелі болады.» - деп ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге арналған жиында атап өткен болатын. Осы ретте ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, университетіміздің 20 жылдығы қарсаңында Қазақстан инженерлік - технологиялық университеті қабырғасында «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ «БОЛАШАҒЫНА» 30 ҚАДАМ» атты жоба бастау алды.

Жоба мақсаты: Тәуелсіздіктің құрдастары саналатын жас көшбасшылармен кездесу, пікір алмасу. Осы арқылы студент жастар бойында тұлғалық қасиеттерді, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, жігерлендіру болып табылады.


ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БОЛАШАҒЫНА 30 ҚАДАМ! Жобасы студенттер арасында қолдау тауып, бүгінде алғашқы қонақтары студенттермен кездесу ұйымдастырып та үлгерді.

Жоба аясындағы алғашқы онлайн кездесу қонағы «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегі,



Ұлыбританияның «Глазго» университетінің оқытушы ассистенті Бақыт Төлегенов болды. «Жалынды жастар - жарқын болашақ кепілі» - атты тақырыпта өткен онлайн кездесуде Бақыт Төлегенов «Көшбасшы деген кім?» «Көшбасшылықты неден бастаймыз?» «Көшбасшы болу үшін қандай студент болу керек?» – деген сұрақтарды қамтыған мазмұнды презентациясын ұсынды.

Аталмыш жобаның екінші қонағы «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері, Ұлыбританияның Лидс университетінің «Human resource management» (Адам ресурстарын басқару) мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтаған, қазіргі таңда елімізде беделді «RG Gold» компаниясының аға HR маманы Сағынбаева Асем студенттерге жұмысқа орналасу кезінде неге мән беру керек екендігін, білікті маман ретінде өз тәжірибесімен бөлісе отырып, қарапайым түйіндемені (резюме) қалай толтырған дұрыс, қандай ақпараттар көрсетілу керек, жаңадан жұмысқа орналасқанда алғашқы интервьюда өзінді қалай ұстау қажет, HR мамандары неге назар аударатындығы жөнінде толық мағлұмат берді.



«И УЧЕБА, И СПОРТ ТРЕБУЮТ ВЫСОКОЙ САМООТДАЧИ»



Сабырбек Темірлан Ерланұлы студент 3-курса по образовательной программе «Учет и аудит». Он является мастером спорта Республики Казахстана по фехтованию, Двухкратный чемпион РК, Трехкратный призер чемпионатов РК. Призер Кубка Центральной Азии 2015 года. В этом интервью Темірлан рассказывает, как пришел в этот вид спорта, за что стоит его любить и как фехтование повлияло на его жизнь.

— Темирлан, почему ты выбрал такой вид спорта?

— Как и многие судьбоносные и меняющие историю события, это произошло случайно. В этот спорт меня привел отец. Фехтованием занимаюсь с 14 лет, до этого занимался легкой атлетикой, и

современным пятиборьем. На самом деле этот спорт очень интересный, просто у нас в Казахстане он не так известен как в Европе, ну сейчас он у нас активно развивается.

— Фехтование — не массовый вид спорта, многие его не понимают, расскажи, за что его стоит любить?

— За что любить фехтование — вопрос субъективный. Со своей стороны я могу сказать, что это очень изящный вид спорта, интеллектуальный, довольно динамичный, а особенно в нем привлекает эмоциональность. Зритель никогда не узнает, что происходит в голове у спортсмена, насколько он сконцентрирован и напряжен, и поэтому никогда не поймет, отчего фехтовальщики так кричат, когда наносят уколы. Мне нравится этот спорт за его



интеллект, некоторые фехтование сравнивают с шахматами ну только в движениях, в фехтование очень хорошо развивается реакция, чувство дистанции, логика, так же физические качества, этот спорт меня цепляет своей аристократичностью.

— Тяжело научиться искусству фехтования? Сколько тебе понадобилось времени, чтобы уверенно держать саблю в руках и точно колоть противника?

— Прежде всего, хотелось бы отметить, что в фехтовании существуют три вида оружия: рапира, шпага и сабля. Соревнования по каждому виду проходят по своим правилам, у каждого вида оружия различная поражаемая зона, но самое главное, что их различает, это то, что рапира и шпага являются колющими видами оружия, а сабля — это оружие рубящее, хотя колющие удары в сабле не возбраняются.

Технический аспект фехтования, безусловно, непросто, но ему можно обучиться. Не могу сказать точно, сколько у меня на это ушло времени, потому





что фехтую я столько, сколько себя помню. Но само фехтование гораздо сложнее, чем просто техника разных уколов, поэтому даже сейчас я постоянно открываю для себя что-то новое, продолжаю учиться каждый день — совершенству, как говорится, нет предела. В этой связи фехтование действительно является скорее искусством, нежели спортивной дисциплиной.

— По твоему мнению, у каких людей точно может получиться отлично фехтовать?

— Исходя из своего опыта, думаю, что люди высокого роста и с хорошей координацией будут иметь определенные преимущества, однако фехтование очень примечательно тем, что оно не имеет каких-либо ограничений по физическим данным, поэтому фехтовальщиком может стать любой. Касательно черт характера могу сказать, что хороший фехтовальщик должен быть целеустремленным, уверенным в себе, энергичным, инициативным, честным, ответственным, неутомимым, но главное — он должен быть трудолюбивым!

- Расскажи о самых запоминающихся соревнованиях?



— Могу сказать, что для меня все соревнования запоминающиеся. Соревнования всех масштабов запомнились своей спецификой. Но я помню международные турниры, где занимали призовые места. Потому что там ты защищаешь честь своей страны.

- Кто ваш первый тренер? Как его зовут?

— Мой тренер по фехтованию : Алимжанов Эльдар Энверович, заслуженный тренер Республики Казахстан по фехтованию . Пользуясь моментом, хочу выразить огромную благодарность своему тренеру.

— А есть у тебя еще какое-то любимое занятие кроме фехтования?

— Свое свободное время я предпочитаю проводить активно, одним из хобби у меня является это настольный теннис, так же люблю играть в футбол.



— Как удается совмещать учебу и спорт?

И учеба, и спорт требуют высокой самоотдачи. Однако грамотное планирование времени позволяет совмещать эти занятия, конечно, не на сто процентов. Знаете я очень рад что я выбрал этот университет, так как здесь очень ценят спортсменов , когда я уезжаю на соревнования я беру задание , или чаще мне скидывают задание на почту тем самым я не пропускаю проходящую программу.

- Есть ли у вас желание к читателям нашего журнала?

— В первую очередь хочу поздравить свой университет с 20-летием. Пусть в будущем будет еще больше развиваться и стать лучшим университетом!


И хочу поблагодарить своих учителей за понимание и терпение, ведь со спортсменами не так просто. Желаю успехов в работе студенческого журнала "KazETU life". И я благодарю вас за интервью, которое будет опубликовано в самом первом номере!

Спасибо за интересное интервью! Желаем только удачи в предстоящих соревнованиях!

Меруерт Айдынкызы

Я ХОЧУ ВАМ

РАССКАЗАТЬ...



Всем привет! Меня зовут Алуа. Я знаю что самое тяжёлое для школьника это выбор профессии и университета. Когда я была в десятом классе, я поняла что хочу связать свою жизнь со специальностью в биологической сфере. Я упорно начала изучать какая профессия подойдёт мне больше всего и выбрала профессию инженер-технолог пищевой промышленности. С профессией определилась, а что на счёт университета? Я с небольшого города Кокшетау, у меня всегда было стремление учиться в Алматы и искала ВУЗ я именно там. Остановила я свой выбор на Казахском инженерно-технологическом университете.

Про университет я узнала в соцсети инстаграм и он мне сразу понравился. Университет молодой и перспективный. Теперь всё что осталось это ЕНТ. Окончила школу я в 2019 году, сдала ЕНТ и подала заявку на Государственной грант. 5-го августа вышли результаты и я поступила на грант в КазИТУ. В этот момент я была счастлива до небес и долго не думая поехала за билетом. Купила билет приезжаю домой и мама спрашивают куда я поступила? Я ей рассказала что в Алматы, в КазИТУ



и я даже успела купить билет. Мама обрадовалась и я упорно готовилась к отъезду. Но по началу мне было страшновато ехать одной в другой тем более огромный город. И было сложно расставаться с родителями. Но я мчалась вслед за своей мечтой и всё таки уехала. Приехала в Алматы и влюбилась в этот город, но больше всего влюбилась в наше общежитие, точнее Studhouse. Новый, красивый, в котором есть все условия для студентов. Как говорится самые не забываемый и насыщенные годы в жизни – это годы студенчество. В Studhouse было не обычно весело, именно там я начала открываться и подружилась с другими ребятами. Также в университете работают все различные кружки, которые также делали нашу студенческую жизнь незабываемой. Больше всего запомнились наши поездки с клубом «KazETU Travel». Тургенское ущелье, Медео, БАО и все различные ТимБилдинги.

Вот она моя история. Сейчас я учусь на втором курсе по профессии технолог продовольственных продуктов и я очень рада. В этом году моему университету 20-лет! Хочу искренне поздравить университет с юбилеем и пожелать успехов и процветания!

*Тасымова Алуа
Студентка 2-го курса*



ҚазИТУ

АСЫЛЫ ОСМАН
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚХА мүшесі

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетіндегі жыл сайын өтіп жатқан конференцияның құрметті қонағы болғанымға қуаныштымын. Ұлтың жаны, рухының үні, ең қымбат дүниесінің алтын қоймасы – тілі. Жастарға айтарым: Білім – әлемдік, тәрбие – ұлттық болуы керек. Ұлтының ұлттық құндылықтары мен мемлекеттік тілін қадірлеу – нағыз рухани жаңғыру негізі.



ҚазИТУ

СЛАТ ӘБЕНОВ
Торғайлық ақын

«АРНАУЫМДЫ СЫЙЛЫҒЫМ ДЕП ҰҚСЫНШЫ,
ТЕК БІЛІМДІ ЖАНЫНА ПІР ТҰТСЫНШЫ.
ҚАЗИТУ-ДЫҢ ҚҰШАҒЫНАН ӘРҚАШАН,
ОЗАТ, АЛҒЫР СТУДЕНТТЕР ШЫҚСЫНШЫ!»



ҚазИТУ

САДЫКОВ СЕРИК ТЮЛЕУБАЕВИЧ
Председатель правления ТОО «КазНИИ плодОВОЩЕВОДСТВА»

КазИТУ является одним из тех образовательных учреждений, где проходят обучение специалисты, связывающие свою жизнь с аграрной наукой. И в нашем НИИ есть ученые, чей путь в науку начинался именно в стенах КазИТУ.



ҚАЗИТУ-ҒА АРНАУ!



Тарихы терең жайылған терек тамырдай,
Түлектер шыққан алтын ұядан сан мыңдай.
ҚазИТУ терек болса егер алып бәйтерек,
Шәкірті біздер бүр жарып туған бәйшешек.

Білімнің көзі, ғылымның үздік ордасы,
Білікті ұстаз, дарынды шәкірт ортасы.
Өзіңді әркез арқау етемін жырыма
Сүйікті менің оқу орыным болғасын!

Байғазы Дильназ
ҚазИТУ 1 курс студенті

ҚазИТУ жиырма жылда өткеніңде,
Себеп болдың талай жастың көктеуіне.
Біліммен сусындатып жас буынды
Артуда абыройың көпке міне!

Өзіңде өтті төрт жыл уақыт талай күн,
Ұмытылмас, ұмыта алмақ оңай кім.
Байланыстың бітірген соң оқуын,
Байланыстың үзілмеуін қалаймын!

Меруерт Айдыңқызы
ҚазИТУ түлегі





Журналдың кеңесшісі:

ҚазИТУ ректоры
Сәрсенбекова Гүлнар
Әлібекқызы

Редколлегия алқасы:

ҚазИТУ баспасөз қызметі

Мекенжай:

Әл-Фараби даңғылы 89/21
(Әл-Фараби даңғылы
93Г/5), 050060, Алматы

Байланыс нөмірлері:

+7(777)6082525
+7(747)3054939
kazetu2001@gmail.com